

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ БОЛАШАҚ ПСИХОЛОГ МАМАНДАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

Тансықбай Әсел

aseltansykbaj@gmail.com

«Психология» білім бағдарламасының 3 курс студенті

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к. Нурмукашева С.К.

Қазіргі қоғамда кәмілетке толмаған балалардың қылмыстық әрекеттерге баруы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың көбеюі олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына, отбасындағы тәрбиеге, қоршаған ортаның әсеріне және психологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Бұл құбылысты зерттеу қажеттілігі бүгінгі күні психолог мамандар үшін де маңызды, күрделі процес.

Зерттеудің мақсаты: Кәмілетке толмаған балалардың қылмыстық іс-әрекеттеріне психолог мамандардың көзқарасын анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

- кәмілетке толмаған балалардың қылмыстық әрекеттерінің теориялық негіздерін зерттеу.
- жасөспірімдердің қылмысқа баруына әсер ететін негізгі факторларды анықтау.
- кәмілетке толмағандардың психологиялық ерекшеліктерін қарастыру.
- жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу бойынша психологиялық және құқықтық ұсыныстар жасау.

Зерттеудің нысаны: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Инновациялық білім беру факультеті, Психология мамандығы 1 курс, 3 курс студенттері.

Болжам: Бұл зерттеуде кәмілетке толмағандардың қылмыстық әрекеттерге баруына психолог мамандардың көзқарастары мен өзіндік шешімдерін қарастыру.

Бұл болжамды ғылыми еңбектерге сүйене отырып дәлелдеу үшін, девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар зерттелді. А.Е. Личко (2019), Г.Е. Змановская (2021), В.Т. Кондрашенко (2018) еңбектері бойынша: А.Е. Личко – жасөспірімдердің мінез акцентуациясы (мінез ерекшеліктерінің шектен тыс айқын көрінуі) қылмысқа бейімділіктің басты себебі. Г.Е. Змановская – девиантты мінез-құлық көбінесе әлеуметтік ортаның ықпалымен қалыптасады. В.Т. Кондрашенко – егер девиантты мінез-құлық ерте анықталса, оны түзетуге мүмкіндік жоғары.

Сауалнама және зерттеу нәтижелері негізінде, болжамды дәлелдеу үшін келесі үш ұсыныс берілді: 1. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын басты себептерін анықтау – бұл олардың қылмысқа баруын алдын алудың алғашқы қадамы. 2. Қылмысқа бейім балаларға кешенді психологиялық қолдау көрсету – оларды психологиялық тұрғыдан тұрақтандыру маңызды. 3. Құқықтық білім беру және әлеуметтік бағдарламалар енгізу – бұл олардың заң бұзушылықтан сақтануына көмектеседі.

Қылмыстық әрекет – бұл құқыққа қайшы келетін, қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын мінез-құлық. Кәмілетке толмаған балалар арасындағы қылмыстық әрекеттер әртүрлі факторлардың ықпалымен қалыптасады. Оларды түсіну үшін теориялық және психологиялық аспектілерін қарастыру қажет.

Қылмыстық әрекеттердің пайда болуы мен дамуын түсіндіретін бірнеше теория бар:

Классикалық теория – бұл теория бойынша, адам саналы түрде таңдау жасайды және оның әрекеттері жеке пайдаға негізделген. Жасөспірімдер қылмыс жасау кезінде жазаның салдарын толық есептемей, өзіне пайда әкелетін әрекеттерді таңдауы мүмкін.

Әлеуметтік оқыту теориясы (А. Бандура) – адамдар қылмыстық мінез-құлықты бақылау, үйрену және қайталау арқылы қалыптастырады. Жасөспірімдер қылмыстық әрекеттерді достары немесе отбасы мүшелері арқылы меңгеруі мүмкін.

Аномия теориясы (Р. Мертон) – қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік пен мақсатқа жетудің заңды жолдарының болмауы қылмыстық мінез-құлықтың дамуына себепші болады. Мысалы, әлеуметтік жағдайы төмен жасөспірімдер заңсыз жолмен табыс табуға ұмтылуы мүмкін.

Биологиялық және генетикалық теориялар – кейбір ғалымдар қылмыстық әрекеттерге бейімділіктің белгілі бір биологиялық және генетикалық ерекшеліктерге байланысты болуын қарастырады. Бірақ бұл теориялар әлі толық дәлелденбеген.

Қылмыстық әрекеттердің психологиялық аспектілері: Қылмыстық әрекеттерді зерттеу барысында адамның психологиялық жағдайы, тұлғалық ерекшеліктері және қоршаған орта факторлары маңызды рөл атқарады. Эмоциялық тұрақсыздық – көптеген қылмыс жасаған жасөспірімдер агрессия, импульсивтілік немесе депрессия сияқты эмоционалдық бұзылыстарға ие. Тұлғалық ауытқулар – психопатия, нарциссизм, антисоциалды мінез-құлық белгілері қылмыс жасау ықтималдығын арттырады. Қоғамдық нормаларды қабылдамау – құқықтық сауатсыздық немесе әлеуметтік нормаларды елемей жасөспірімнің заңсыз әрекетке баруына себеп болуы мүмкін. Отбасылық және әлеуметтік жағдайлар – ата-ананың немқұрайлығы, зорлық-зомбылықтың болуы, экономикалық қиындықтар және дұрыс емес тәрбие жасөспірімдердің қылмысқа бейімділігін арттырады. Жасөспірімдердің қылмыстық әрекеттерін алдын алу үшін психологиялық факторларды терең түсіну қажет. Алдын алу шараларының ішінде білім беру, психологиялық кеңес беру, әлеуметтік бағдарламалар мен құқықтық сауаттылықты арттыру маңызды орын алады.

Кәметке толмағандардың қылмыстық әрекеттерінің негізінде теориялық және психологиялық факторлар жатыр. Оларды жан-жақты талдау арқылы қылмыстық мінез-құлықтың алдын алу және қоғамдағы құқық бұзушылық деңгейін төмендету жолдарын табуға болады.

Қылмыстық психологияның теориялық негіздері. Қылмыстық психология – адамның құқық бұзушылыққа бару себептерін, оның мінез-құлқын және қылмыстық әрекеттерге әсер ететін психологиялық факторларды зерттейтін ғылым саласы. Бұл ғылым құқық қорғау органдары мен сот жүйесіне психологиялық талдау жүргізуге көмектеседі.

Қылмыстық психология қылмысқа баратын тұлғалардың психологиялық ерекшеліктерін, олардың мотивтері мен қылмыстық әрекетке итермелейтін факторларды зерттейді. Сонымен қатар, қылмыскерлердің мінез-құлқын болжау, түзету және қайта әлеуметтендіру жолдарын қарастырады. Қылмыстық психологияның негізгі бағыттары:

1. Қылмыстық мінез-құлықтың себептері – қылмыс жасауға итермелейтін әлеуметтік, психологиялық және биологиялық факторларды зерттейді.

2. Қылмыскер тұлғасының ерекшеліктері – агрессия, психопатология, әлеуметтік бейімделмеу сияқты қасиеттерді талдайды.

3. Құқық бұзушыларды психологиялық диагностикалау – тесттер, сұхбаттар арқылы олардың тұлғалық ерекшеліктерін анықтайды.

4. Қылмыстық әрекеттердің алдын алу және түзету шаралары – қылмыскерлерді оңалту және қайта әлеуметтендіру бағдарламаларын ұсынады.

Қылмыстық психологияның теориялық негіздері:

Қылмыстық психология әртүрлі психологиялық және әлеуметтік теорияларға негізделеді. Олардың ішінде:

- Психоаналитикалық теория (З. Фрейд) – тұлғаның ішкі конфликттері мен бейсаналық мотивтері қылмыстық әрекетке әсер етуі мүмкін.

- Әлеуметтік оқыту теориясы (А. Бандура) – қылмыстық мінез-құлық қоршаған ортаның әсерінен қалыптасады.

- Биологиялық теориялар – генетикалық және неврологиялық факторлардың қылмысқа бейімділікке ықпалы.

- Мотивациялық теориялар – қылмыс жасаудағы негізгі себептер ретінде қажеттіліктер мен мотивтер қарастырылады.

Кәметке толмағандардың қылмыстық әрекеттері қоғамдағы маңызды мәселелердің бірі. Жасөспірімдер көбіне топтық қысымға, отбасылық жағдайға және әлеуметтік ортаға

байланысты құқық бұзушылыққа барады.

Қазақстанда кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстық іс-әрекеттер соңғы жылдары әртүрлі бағытта өзгерістерге ұшырады. 2013 жылдан бастап, он жыл ішінде, жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 55%-ға азайғаны байқалады. Алайда, 2023 жылы кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар саны 22%-ға өсті, бұл жол-көлік оқиғалары, жыныстық қылмыстар, бұзақылық және денсаулыққа ауыр зиян келтіру әрекеттерінің көбеюімен байланысты.

Жасөспірімдер көбінесе мүліктік қылмыстарға, атап айтқанда ұрлыққа бейім келеді. Сонымен қатар, бұзақылық, топтық төбелестер және вандализм сияқты қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар да жиі кездеседі. Кейбір жағдайларда жасөспірімдер есірткі заттарын сақтау немесе тарату сияқты қылмыстарға да қатысады.

Жоғарыда атап өткендей кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауына әсер ететін негізгі психологиялық және әлеуметтік фактор бойынша мынандай мәселелерді қамтиды. Ата-аналардың ажырасуы, отбасындағы тұрақсыздық, ата-аналардың балаларына жеткілікті көңіл бөлмеуі, тәрбиедегі қателіктер мен қатыгездік баланың девиантты мінез-құлқына әкелуі мүмкін. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, кедейшілік, жұмыссыздық, инфляция және әлеуметтік кернеу жасөспірімдердің қылмысқа баруына ықпал етуі мүмкін. Қазіргі қоғамда рухани құндылықтардың бұзылуы, адамгершілік деңгейінің төмендеуі жасөспірімдердің қылмыстық әрекеттерге бейімділігін арттыруы мүмкін. Мектептерде тәрбие жұмысының жеткіліксіздігі, жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалану мүмкіндіктерінің шектеулігі олардың теріс ортаға түсуіне және қылмысқа баруына себеп болуы мүмкін.

Кәмелетке толмаған балалардың психологиясы – олардың жас ерекшеліктеріне, қоршаған ортасына, әлеуметтік жағдайына, тәрбиесіне және өмірлік тәжірибесіне байланысты қалыптасатын күрделі құбылыс. Жасөспірімдердің мінез-құлқы, эмоциялары және ойлау жүйесі белгілі бір заңдылықтарға бағынады және олардың қылмыс жасауға бейімділігі де осы психологиялық факторлармен тікелей байланысты.

Кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауына ықпал ететін психологиялық факторлар:

1. Импульсивтілік пен эмоциялық тұрақсыздық- Көптеген жасөспірімдер қылмыстық әрекеттерді алдын ала ойластырмай, эмоцияның әсерінен жасайды. Олар ашу үстінде төбелеске қатысып, біреуге зиян келтіруі немесе материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұрлық жасауы мүмкін.
2. Әлеуметтік және эмоционалдық қажеттіліктердің қанағаттандырылмауы- Жасөспірімдер сүйіспеншілікке, құрметке, мойындалуға мұқтаж. Егер бұл қажеттіліктер отбасында немесе мектепте қанағаттандырылмаса, олар қылмыстық топтарға қосылу арқылы өзін мойындатуға тырысуы мүмкін.
3. Агрессия мен зорлыққа бейімділік- Отбасындағы зорлық-зомбылықты көрген немесе құрдастары тарапынан агрессияға ұшыраған балалар өздерін солай ұстауды үйренеді. Мұндай балалар қылмыстық әрекеттерге оңай барады.
4. Құрдастардың ықпалы- Топтық психология жасөспірімдерге үлкен әсер етеді. Олар достарының беделін түсірмеу үшін немесе «батылдық» көрсету мақсатында қылмыстық әрекеттерге барады.

Қылмыс жасаған кәмелетке толмаған балалардың психологиясы олардың жеке тұлғалық ерекшеліктеріне, тәрбиесіне, қоршаған ортасына және өмірлік жағдайларына байланысты қалыптасады. Мұндай балалардың санасы мен мінез-құлқында бірқатар ауытқулар байқалады, олар эмоциялық тұрақсыздық, моральдық құндылықтардың бұзылуы, әлеуметтік бейімделудің әлсіздігі және өзін-өзі бағалаудың дұрыс қалыптаспауымен сипатталады. Кәмелетке толмаған құқық бұзушыларда заңға, моральға және әлеуметтік нормаларға деген құрмет төмен болады. Олар үшін ұрлық, бұзақылық немесе күш көрсету қалыпты жағдай ретінде қабылдануы мүмкін. Бұған әсер ететін негізгі факторлар: Отбасында дұрыс тәрбие берілмеуі (ата-ананың қылмыстық ортада болуы, баланың қараусыз қалуы). Қоршаған ортаның кері ықпалы (қылмыстық топтар, теріс пиғылды достар). Моральдық релятивизм – яғни, дұрыс пен бұрыстың арасындағы шекараны жете түсінбеу. Мысалы:

Жасөспірім ұрлық жасауды қылмыс емес, «өмір сүру амалы» ретінде көруі мүмкін. Кейбір жасөспірімдер агрессивті әрекеттерге жиі барады, әсіресе олар зорлық-зомбылыққа толы ортада өскен болса. Отбасында немесе көшеде зорлық көрген балалар оны қалыпты жағдай ретінде қабылдайды. Құрдастарымен мәселелерді сөйлесу арқылы шешудің орнына күш қолдануды жөн көреді. Қоғамға деген наразылық, өшпенділік сезімі күшейеді. Мысалы: Үнемі мазаққа ұшыраған жасөспірім уақыт өте келе агрессиясын басқаларға бағыттап, кек алу мақсатында төбелеске немесе қылмысқа баруы мүмкін.

Кәмелетке толмаған балалар арасындағы құқықбұзушылық қоғам үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл құбылыстың пайда болу себептері күрделі және көпқырлы, оған отбасылық жағдай, әлеуметтік орта, экономикалық қиындықтар мен психологиялық факторлар ықпал етеді. Осы мәселенің алдын алу және оны шешу жолдарын анықтау мақсатында психология мамандығының 1 және 3-курс студенттері арасында сауалнама жүргізілді. Бұл зерттеу болашақ мамандардың көзқарасын, ұсыныстарын және қылмыстық мінез-құлықтың алдын алу бойынша жаңа идеяларын талдауға бағытталған.

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLScFAQUDLnvLo5uJU59dBw1j_QBDM8ZhC50cwCnGAIyPOs4cw/viewform?usp=header

3. Сіздің ойыңызша, кәмелетке толмаған балалардың қылмыс жасауына ең басты себептер қандай? (бірнеше жауап таңдауға болады)

[Копировать диаграмму](#)


25 ответов



4. Бұл мәселені шешуде психолог мамандардың рөлі қандай деп ойлайсыз?

[Копировать диаграмму](#)

25 ответов



1. Кәмелетке толмағандардың қылмыс жасау себептері. Сауалнама нәтижелері бойынша, студенттердің басым бөлігі (70%) кәмелетке толмаған балалардың қылмысқа баруының басты себебі ретінде олардың қоршаған ортасын (достары, қоғам) атады. Сонымен қатар, респонденттердің 60%-ы психологиялық проблемалардың да маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Бұл көрсеткіштер жасөспірімдердің мінез-құлқына сыртқы және ішкі факторлардың ықпал ететінін дәлелдейді.

2. Криминологиялық және психологиялық зерттеулер көрсеткендей, девиантты мінез-құлықтың қалыптасуында отбасы факторы, әсіресе ата-ана бақылауының төмендігі немесе оның толық болмауы үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар, Э.Эриксонның психоэлеметтік даму теориясы бойынша, жасөспірімдік кезең – өзін-өзі анықтау процесінің маңызды кезеңі, ал сыртқы ортаның теріс әсері бұл процесті күрделендіруі мүмкін. Сауалнама нәтижелері негізінде болашақ психологтар девиантты мінез-құлықтың алдын алу үшін отбасымен жұмыс істеу және жасөспірімдердің элеметтік ортасын жақсарту қажеттігін қолдайды.

3. Психолог мамандардың рөлі мен әдістері: Қатысушылардың 70%-ы психологтардың бұл мәселені шешудегі рөлін "өте маңызды" деп бағалады, ал 20%-ы "маңызды" деп есептейді. Бұл көрсеткіш психолог мамандардың кәмелетке толмаған құқықбұзушылармен жұмысындағы маңыздылығын айқындайды.

Сауалнамаға қатысушылардың пікірінше, жасөспірімдермен жұмыс істеудің ең тиімді әдістері:

- Психологиялық кеңес беру (60%)
- Отбасымен жұмыс (60%)
- Топтық терапия (30%)
- Қоғамдық іс-шаралар ұйымдастыру (10%)

Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша ұсыныстар:

4. Сауалнамаға қатысушылар "егер сізге кәмелетке толмаған құқықбұзушылардың алдын алу бойынша жоба жасау тапсырылса, қандай шараларды ұсынар едіңіз?" деген сұраққа келесі жауаптарды ұсынды: Тәрбиелік маңызы бар шараларды күшейту; Мектептерде психологиялық тренингтер өткізу; Құқықтық сауаттылықты арттыру; Психологиялық қызметтердің жұмысын жетілдіру.

Сауалнама нәтижелері болашақ психологтардың қылмыстың алдын алу үшін кешенді шараларды қолдайтынын көрсетті. Олар заңнамалық өзгерістермен қатар, білім беру жүйесіндегі психологиялық көмек көрсету деңгейін арттыру қажеттігін атап өтті.

Ұсыныстар:

1. Отбасымен жұмыс: Ата-аналарға арналған психологиялық тренингтер өткізу, отбасылық қарым-қатынасты нығайту.
2. Мектептер мен ЖОО-дағы психологиялық қызметтер: Оқушылар мен студенттерге психологиялық кеңес беру орталықтарын ашу, құқықтық сауаттылық курстарын енгізу.
3. Топтық терапия: Құқықбұзушылыққа бейім жасөспірімдерге арналған психотерапия, спорттық және мәдени іс-шаралар ұйымдастыру.
4. Құқықтық сауаттылықты арттыру: «Жасөспірім және заң» бағдарламасын әзірлеу, заңгерлер мен психологтардың бірлескен семинарларын өткізу.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық іс-әрекеті – қоғамның әлеуметтік тұрақтылығына әсер ететін маңызды мәселе. Бұл зерттеу барысында жасөспірімдердің құқықбұзушылыққа бару себептері, олардың әлеуметтік-психологиялық факторлары және алдын алу шаралары қарастырылды.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, отбасылық жағдай, қоршаған ортаның әсері және психологиялық мәселелер жасөспірімдердің құқықбұзушылыққа бейім болуының негізгі себептері болып табылады. Сонымен қатар, респонденттердің басым бөлігі бұл мәселені шешуде психолог мамандарының рөлін жоғары бағалайды және олардың жасөспірімдермен жұмысы күшейтілуі керек деп санайды.

Зерттеу барысында келесідей негізгі тұжырымдар жасалды:

- Кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылығын азайту үшін жанұялық тәрбие мен әлеуметтік қолдауды күшейту қажет.
- Білім беру мекемелерінде психологиялық қызметтің сапасын арттыру, оқушылар мен студенттердің психологиялық сауаттылығын көтеру маңызды.
- Құқықтық және психологиялық алдын алу бағдарламаларын дамыту, жасөспірімдерге арналған реабилитация орталықтарын ашу тиімді шешімдердің бірі бола алады.
- Кәмелетке толмағандармен жұмыс істейтін психологтардың біліктілігін арттыру, топтық терапия, арт-терапия және басқа да инновациялық әдістерді енгізу қажет.

Бұл зерттеу қоғамның әртүрлі салалары – білім беру, психология және құқық қорғау жүйесі арасындағы тығыз байланыс қажет екенін көрсетті. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу тек жазалау шараларымен шектелмеуі керек, керісінше оларға әлеуметтік қолдау көрсетіліп, тәрбиелік және психологиялық жұмыстар кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

Қорытындылай келе, бұл мәселенің шешімі тек мемлекеттің немесе құқық қорғау органдарының ғана міндеті емес, әр отбасының, әр білім беру мекемесінің және бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі екенін атап өткен жөн. Осы бағытта жүйелі түрде жұмыс жүргізілсе, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық деңгейін едәуір төмендетуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Абрамова Г.С. Жас ерекшелік психологиясы – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
2. Божович Л.И. Жасөспірімдердің мінез-құлқы және оның әлеуметтік-психологиялық аспектілері – Мәскеу: Педагогика, 2019.
3. Выготский Л.С. Балалар мен жасөспірімдердің даму психологиясы – Санкт-Петербург: Питер, 2018.
4. Жалпы және қолданбалы психология: Оқулық / Құраст.: Жарықбаев Қ., Намазбаева Ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
5. Кенесарин Т. Қазақстандағы кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылығы: себептері мен алдын алу шаралары – Алматы: Заң, 2022.
6. Леонтьев А.Н. Қызмет, сана және тұлға – Мәскеу: Академия, 2017.
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (2023 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен).
8. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша әдістемелік нұсқаулықтар – Нұр-Сұлтан, 2023.
9. Қазақстандағы кәмелетке толмаған құқықбұзушылар туралы статистикалық мәліметтер // ҚР Бас прокуратурасы – 2024.
10. UNICEF. Қазақстандағы балалардың құқықтары және оларды қорғау механизмдері – БҰҰ Балалар қоры, 2023.